

Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 5С-41-7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда № 5009 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 6С-17-5 шешімімен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 13.12.2017 № 6С-17-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 495-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлері, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында келісім жасаған субъектілерге, объектілер бойынша тек осындай келісімдер шеңберінде ғана төлемақылар мөлшерлерінен басқа, осы шешімнің қосымшасына сәйкес арттырылсын.

2. "Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-5 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3599 болып тіркелген, 2013 жылдың 17 қаңтарында "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

Ақмола облыстық

Ж.Камелиденов

мәслихатының хатшысы

Д.Нұрмолдин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақмола облысының экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Б.Малғаждаров

30.09.2015

Ақмола облысы бойынша
мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы

Е.Хасенов

30.09.2015

"Ақмола облысының табиғи
ресурстар және табиғатты
пайдалануды реттеу
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Р.Әубәкіров

30.09.2015

Ақмола облыстық
мәслихатының
2015 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 5С-41-7 шешіміне
қосымша

Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы
мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3	4
1.	Күкірт тотықтары	12	
2.	Азот тотықтары	12	
3.	Шаң және күл	6	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	2391,6	
5.	Күкіртсутек	74,4	
6.	Фенолдар	199,2	
7.	Көмірсутектер	0,192	
8.	Формальдегид	199,2	
9.	Көміртегі тотықтары	0,192	
10.	Метан	0,012	
11.	Күйе	14,4	
12.	Темір тотықтары	18	
13.	Аммиак	14,4	

14.	Алты валентті хром	478,8	
15.	Мыс тотықтары	358,8	
16.	Бенз(а)пирен		597,96

2. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,396
2.	Дизель отыны үшін	0,54
3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,288

3. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	804
2.	Мырыш	1608
3.	Мыс	16082,4
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	4,8
5.	Тұзды аммоний	40,8
6.	Мұнай өнімдері	321,6
7.	Нитраттар	1,2
8.	Жалпы темір	160,8
9.	Сульфаттар (анион)	0,48
10.	Өлшенген заттар	1,2
11.	Синтетикалық бетісті-белсенді заттар	32,4
12.	Хлоридтер (анион)	0,12
13.	Алюминий	32,4

4. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылыстарының кәріздік тұнбасы)	0,228	

1.2.	Осы тармақтың 1.3-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, қауіптілік деңгейі ескеріле отырып, қалдықтар:		
1.2.1.	"қызыл" тізім	8,4	
1.2.2.	"жақұт" тізім	4,8	
1.2.3.	"жасыл" тізім	1,2	
1.2.4.	сыныпталмағандар	0,54	
1.3.	Төлемақысы есептелген кезде белгіленген қауіптілік деңгейі ескерілмейтін қалдықтар:		
1.3.1.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.3.1.1	аршынды жыныстар	0,0024	
1.3.1.2	жанас таужыныстары	0,0156	
1.3.1.3	байыту қалдықтары	0,012	
1.3.1.4	шлактар, шламдар	0,0228	
1.3.2.	Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзетілетін шлактар, шламдар	0,0228	
1.3.3.	күл мен күлшлактар	0,396	
1.3.4.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы	0,0012	
2.	Радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,456
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,228
2.3.	Бета-радиоактивті		0,024
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,228

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш